

ҚАҺАРМАНДЫҚ ЭПОСТАҒЫ БАТЫРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҰЛПАРЛАРЫ

Түйіндеме

Қаһармандық (батырлық) эпосты жалпы эпос жанрының шыңы, халықтың әділетті, бай-дәулетті, бақуатты қоғам жөніндегі, қаһармандық, батырлық, адамгершілікті қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастар туралы идеалдарын бойына жинақтаған ең құнды бөлігі деуге болады. Әрине, қаһармандық эпосқа жататын барлық шығармалардың бәрі бірдей аса көркем, тамаша туындылар емес екені анық. Оның стадиялық жағынан бұрынырақ туындаған, архаикалық эпостың, мифтің сілемі әлі де жойылмаған, қалдық көне мотивтері тым көп сақталып қалған ескілеу нұсқалары бар, орташа дамыған шығармалар да, сондай-ақ классикалық қаһармандық эпостың ең озық үлгілері дейтіндей аса көркем, көлемді де, төрт аяғын тең басқан келісті туындылары бар. Мақалада қаһармандық эпостағы батырлар жән олардың тұлпарлары, арасындағы байланыс мотивтері қарастырылған.

Кілт сөздер: Эпос, идеал, стадия, архаика, миф, мотив, классика

HEROES OF THE HEROIC EPIC AND THEIR HORSES

Abstract

The heroic epic is the pinnacle of the general epic genre, the most valuable part of the people's ideals of a just, rich, prosperous society,

ULUSLARARASI
TÜRK DÜNYASI
ARAŞTIRMALARI
DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF
TURKISH WORLD
STUDIES
CİLT 3 / SAYI 2 /
NİSAN 2020

Sorumlu Yazar Corresponding Author

Айнұр КОШЕКОВА
Перизат ЕРТАЕВА
ф.ғ.к., қауым
профессор,
ҚазҰҚПУ,

Қазақстан, Алматы,
kosheкова71@mail.ru

[u](#)

аға оқытушы, Нигде
Өмер Халисдемир
университеті,
Түркия, Нигде
perizat.yertayeva@ohu.edu.tr

Gönderim Tarihi

Received

10.04.2020

Kabul Tarihi

Accepted

29.04.2020

Atıf

КОШЕКОВА,
Айнұр
ЕРТАЕВА, Перизат
(2020).

“Қаһармандық
Эпостағы Батырлар
Және Олардың
Тұлпарлары”,
*Uluslararası Türk
Dünyası
Araştırmaları Dergisi*,
(3/2), 74-84

ARAŞTIRMA
MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

heroic, heroic, moral social relations. Of course, not all the works of the heroic epic are equally beautiful. It has an earlier stage, an archaic epic, a myth that has not yet been erased, there are old versions of the ancient motifs that have survived too much, and the middle-aged works, as well as the most advanced examples of the classical heroic epic, are very artistic, voluminous and four-legged. There are works that agreed to click. The article considers the motifs of the connection between the heroes of the heroic epic and their horses.

Keywords: Epic, ideal, stage, archaic, myth, motif, classic.

Кіріспе

Қаһармандық эпос халық поэзиясының ертеден келе жатқан көлемді де көрнекті жанрларының бірі. Оның сюжеті күрделі оқиғаларға, шиелініскен тартысқа құрылып, қалың бұқараның көкейкесті мақсат-мүддесін, ой-қиялын бейнелейді. Сондықтан да ол қалың бұқараға кеңінен таралып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп ұзақ уақыт сақталған. Қаһармандық эпостағы ат бейнесін қарастыратын болсақ, оны шығарманың бас кейіпкері батырдың тұлғасынан тыс қарау мүмкін емес екені анық. Ат ешуақытта да қазақ эпосының басты, дербес қаһарманы болған емес, ол тек батырдың тұлғасы бар жерде ғана пайда болып, оның ең сенімді «жан серігі», күнделікті өмірдегі, шайқас майданындағы көлігі, көмекшісі ретінде сипатталады. Жоғарыда ат бейнесінің батырдың көмекшісінен туындайтынын, әу баста оның батырдың тұлғасынан бөлініп шыққанын дәледеген болатынбыз.

Архаикалық эпостың батыры мен қаһармандық эпостың батыры арасында үлкен типтік айырмашылықтар бар. Алдымен ескеретін жәйт - қаһармандық эпостың Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын сияқты батырлары халықтың батырлық идеалын бойына жинақтаған тұлғалар. «... халық жақсы өмірді армандап, «алтын дәурен», «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», не болмаса елді қиыншылықтан құтқаратын бір қайраткер туралы утопиялық әңгіме, аңыз шығарады. Ол әңгіме, аңыздардың басты кейіпкерлері - өмірде болған адамдар болуы мүмкін. Бара-бара мұндай аңыздар эпсана-хикаятқа айналады. Осыдан барып мессияндық рөл атқаратын адам, елге ырыс-дәулет беретін қоныс жайында эпсана-хикаят қалыптасады» деп жазады С. Қасқабасов (1984: 175)

Бұл жерде әлемдік эпоста батырлардың төмендегідей екі типі бар екенін атап өту керек:

а) біріншісі, асқан күш-қуаттың, қажыр-қайраттың иелері, мыңдаған жауды жалғыз өзі баудай түсіріп, қырып салатын, жаудың ең мықты батырларын аса қиын жекпе-жекте жермен-жексен тізе бүктіретін алып тұлғалар. Бұлар, әдетте, адуын мінезді, ешуақытта қулық-сұмдыққа бармайтын, олай істеуді өздеріне ар санайтын, тіпті, тұтқынға түсіп қалғанның өзінде жау алдында басын иемейтін, өр тұлғалар. Бұлардың жүрек жұтқан бірбеткейлігімен қатар, тым асыра қимылдап, аса қаталдық танытатыны да бар;

б) екіншісі, күш-қуаты аздау, көп жағдайда жауын қулықпен, алдау-арбаумен жеңіп кететін батырлар (Одиссей, «Қобыланды» эпосындағы Қараман, т.б.).

Міне, жоғарыда аталған батырлар бірінші типке жататын қаһарлы да, құдіретті тұлғалар.

Архаикалық эпостың «қырық биенің етін» қырық асап жеп, «сүйегін мұрынынан шығарып» отырған Желкілдек (Радлов, 1994:109) сияқты немесе «жеті жүз ұста жидырып», «жетпіс арба көмір алдырып», сол оттың үстіне отырып, ішіндегі найзаның сынығын артынан түсіріп тастаған Ер Қосай (Радлов, 1994:167) тәрізді батырларын елге, өскелең ұрпаққа, жастарға үлгі етіп ұсына қою қиын.

Ал, қаһармандық эпостағы қазақтың батырлық, ерлік туралы, елді, жерді, отанды қорғау, халық қамқоршысы болу жөніндегі ұғым-түсініктерінің жиынтық көрінісі, халықтың идеалы болған Қобыланды, Алпамыс, Ер Сайын, Ер Тарғын тәрізді батырлар жастарға, өскелең ұрпаққа отанға шексіз берілген ерлердің үлгісі ретінде ұсынуға әбден лайық тұлғалар.

Сол сияқты архаикалық эпостың бірде аспан әлеміне, бірде жер астына сүңгіп, бірде түрлі аң-құсқа айналып, түрліше мың құбылып тұратын атымен салыстырғанда, қаһармандық эпостың батырға жән-тәнімен берілген, ерен жүйрік, асқан шыдамды, ақылды-есті, сырт пішіні келісті сұлу тұлпарын қазақтың ат туралы түсінігінің квинтэссенциясы десе артық емес.

Архаикалық эпос пен қаһармандық эпостың бір-бірінен осындай айырмашылықтары бар екенін атап көрсете отырып, қазақ эпосының батырларына және олардың тұлпарларына тән

кейбір қасиеттерді кеңірек қарастырмақпыз. Бұл үшін атақты жырау Мұрын (шын аты - Тілеген) Сеңгірбекұлынан жазылып алынған «Қырымның қырық батыры» топтамасына енген эпостардың мәтініне назар аударуға болады. Алдымен, батырлар не үшін күреседі, қандай мақсаттарды орындау үшін батырлық әрекеттер жасайды, қазақ батырының өз жанын шүберекке түйіп жауға аттанғандағы мақсат-мұраты не деген тәрізді сауалдарға жауап іздеп көрейік. Мұрын жыраудың «Қырымның қырық батыры» топтамасының «Асанқайғы, Тоған, Абат» эпосындағы Абат батыр:

Ерегескен дұшпанға
Соғыс салып қарайын.
Алыс сапар шегіп жол,
Әуелі халқым, екінші
Ата менен ана үшін
Дұшпанға бермей кегімді,
Төгілмес беттен ар үшін,
Қатын мен бала үшін,
Жерге тамар қан үшін,
Желге кетер мал үшін

- деп толғанады. Бұл жерде батыр күресетін құндылықтардың өзіндік иерархиясын көруге болады. Оның ең бастысы - халық, одан соңғылары - ата мен ана, ар-намыс, батырдың әйелі мен баласы, қаны, малы. Бұл иерархиялық тізбекте малдың соңғы орында тұруы жайдан-жай емес, көп эпостардың мәтінінен батырдың өз жанын салып тапқан малын жетім-жесірге, кедей-кепшікке аямай үлестіріп бергенін байқаймыз. «Шора» эпосында Шораның әкесі Нәрік батырға:

Иесіз малды аларсың,
Олжаға батып қаларсың,
Қалмақ кетсе жоғалсын,
Ноғайлыға хабар сал,
Аш-арық барып олжа алсын
(Батырлар жыры, 1987:343).

- дейді. Жалпы, қазақ батыры тек қана елді жаудан қорғап қоймайды, оның басты міндеттерінің бірі - аш-арықты тойдыру, малсызға мал беру, «жарлыны байға теңеу» (біздің пікірімізше, бұл қазақ эпосының тағы бір өзіндік ерекшелігі, себебі, мұндай мотив батыс, славян эпостарында кездеспейді). Бұл міндетті орындамаған батырдың нағыз батыр атануы

қиын. Және бұл мотив эпикалық шығармаларда үнемі дерлік қайталанып отырады:

Ноғайлының аш-арық
Ол да келді шетінен
Олжа сұрап аларға,
Сауға сұрап барарға «Алау батыр» эпосы
(Батырлар жыры,1989: 221).

Асыл туған ер еді,
Артық туған төре еді,
Қызықсын ба олжаға,
Ноғайға бөліп береді. «Тама» эпосы
(Батырлар жыры,1987: 285)

Қызықсын ба олжаға
Кұлыншақ пен ер Шора
Ноғайға бөліп береді. «Шора» эпосы
(Батырлар жыры,1987:384)

Алпыс үйлі арықтың,
Тоқсан үйлі тобырдың
Ашыққанын тойғызды,
Батыр туған Қамбардың
Тимеді жоққа зияны «Қамбар батыр»
эпосы

(Батырлар жыры,1987: 13).

Билеушінің (яғни, батырдың, себебі, көне тарихта түрк халқының билеушілері батырлар болып, үнемі елі үшін соғыс жүргізгені әмбеге аян - А. туған халқын қорғауы, оған қамқорлық жасауы идеялары түркі әлемінде өте ежелден келе жатқан пайым-түсініктердің бірі. Біліге қаған ескерткішінде: «Шығайды /кедей/ бай қылды, азды мол қылды... Ата-бабам тұтқан жер-су иесіз қалмасын деп аздаған халықты құрап, ұйыстырып... Соғыстық... қайтарып бердік... Түркі халқы аш еді. Оларға жылқы алып беріп,*тойдырдым* деген сияқты жазулар үнемі ұшырасады (Сартқожаұлы,2004:145-147 Ал, «Айсаның ұлы Ахмет» эпосында батырлардың өздері тапқан малдарын «аш-арыққа» бөліп беруі арқылы «жарлының байға теңелуі» «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» дәулетті де, мамыражай заманның белгісі ретінде суреттеледі:

Әуелі алған малдарын
Ноғайлының аш-арығы,
Жетім менен жесірге
Сонда бөліп беріпті.
Жарлысы байға теңеліп-
Ақ Еділдің бойында
Асан қайғы, Айсаның
Елдері дәурен сүріпті. (Батырлар
жыры,1989: 209)

Көшпелі мал шаруашылығы жағдайында жайылым үшін, жайлы қоныс үшін талас-тартыс елдің тағдырына тікелей әсер ететіні белгілі, бұл да батырдың жауға аттануының басты себептерінің бірі болды:

Жерін алып қалмақтың
Ноғайға қоныс етем деп,
Дүниеге етіп табиғи
Қалмақты жеңіп кетем деп. «Шора» эпос
(Батырлар жыры,1989:366)

Батырдың жауға аттануының ең басты себептерінің бірі ар-намысының тапталуы, ар-намысына нұқсан келгенде шыдап тұратын батыр болмайды:

- Айналайын атамыз,
Сенен тудым мен, - деді,
- Асанның ұлы ер Абат,
Солардан мен кем бе едім?!
Кемітіп сөз айтқаны
Мылтықпенен атқаны.
Жүрегіме найзадай
Әр сөзінің батқаны. «Айсаның ұлы

Ахмет» эпосы

(Батырлар жыры,1989:199)

Сонымен, қазақ батырын жауға аттануға мәжбүрлейтін жәйттер көп. Архаикалық эпостың батыры көбіне жеке басының түйткілдеріне байланысты жауға аттанса, қаһармандық эпостың батыры қалың ноғайлы қауымының мүддесі үшін шайқасқа шығады. Бұл жерде «Эпостың қазақ пен ноғай жұртын бір санауы тарихи шындық» (Ыбыраев,1993:179) екенін ескеру қажет, яғни ноғай дей

отырып қазақ халқын ұғынатынымыз белгілі. Эпостағы «тоқсан баулы ноғайлының» әрқилы түркі тайпалары мен руларынан құралғаны белгілі. Бірақ, эпостық дәстүрде руға бөлінушілік жоқ, барлық ноғайлы бір ел деп, оның жаулары (қалмақ, ындыс, қызылбас) бүкіл ноғайлыға ортақ жау деп ұғынылады. Батырлар қайсы рудан шыққанына қарамастан ортақ жаумен күреседі:

Азулы туған бөрі едім.
Ындыс пенен қалмақты
Талқандармын деп едім.

*** ***

Ноғайлының елі еді,
Елдің шеткі жері деп,
Батыр сонда келеді. (Батырлар
жыры, 1989: 284-285)

(«Тама» эпосы).

Ноғайлы да қалың ел,
Ол елге жау батпайды.
Батыры бар аруақты
Ел намысын сатпайды. (Бұл да сонда, 35)

(«Аңшыбай батыр» эпосы)

Ноғайлының батырлары әдетте перзент көрмей жүрген ата-ананың әулие-әнбиелерге түнеп, жалынып-жалбарынып жүріп көрген жалғыз баласы болады (кейде оның қарындасы болуы мүмкін). Біраз батырлар жалғыз болған себепті жас кезінде бірге асық ойнап жүрген балалардан таяқ жеп, қорлық көреді («Шынтасұлы Төрехан», «Ақжонасұлы ер Кеңес», «Аңшыбай батыр», «Тама», т.б. Сәл кейінірек мыңдаған жауды жалғыз жусатып салатын батырлар өзімен тетелес балалардан неге таяқ жеп қалатыны түсініксіз. Батырлар, әдетте, кәмелет жасына толған кезде жауға аттануды өзіне міндет санайды. Кәмелет жасы архаикалық элементтері көп сақталып қалған эпостарда бес-алты жас, («Шора», «Көкшенің ұлы ер Қосай», «Ақжонасұлы ер Кеңес», «Манашұлы Тұяқбай», т.б.), ал кейінірек кезде шығарылған эпостарда шынайы тарихи өмірде болғандай он бес жас («Жұбаныш», «Мұсахан», «Парпария», т.б.). Бұл жағдайда елге жаудың сырттан келіп тиісуі, елді шабуы міндетті емес, көбіне керісінше, батыр сырт жауға бірінші болып аттанады.

Эпостың лoгикасына сүйенсек, ноғайлы елімен үнемі үзбей жауласып, атысып-шабысып келе жатқан тұрақты жаулар бар (қалмақтар, ындыстар, қызылбастар). Бұл жаулармен соғыс үнемі итжығыс күйде өтеді — бірде ноғайлылар жеңсе, келесі кезеңде қалмақтар есесін қайтарады. Соған сәйкес ноғайлы батырының жау қашан келеді деп күтіп отыруы шарт емес, қайта тыныш жатқан жауды барып шауып, бұрыннан келе жатқан кекті қайтару мәртебелі іс деп есептеледі.

Ал, кәмет жасына толып алып, жауға бармай жатқан батырды қандастары жек көріп, мазаққа айналдырады:

Ноғайлар маған айтады,
Тумай кеткір сен дейді,
Ағаңдай болып тумадың,
Ағаңның жолын қумадың. (Батырлар

жыры, 1989:222)

(«Әмет батыр» эпосы)

Алты жасқа келсе де жауға барып кегін қайтармай жүрген Шора батырға Телшора құл: «Туғаныңнан тумай кет, Мұнан да жақсы өлгенің, Өлім болсын көргенің» - деп, жер-жебіріне жетеді. (Батырлар жыры, 1989:327)

Он жеті жасына жетсе де жауға бармай, үйде қалған Орақтың баласы Қарасайға шешесі:

Атаңа тартып тумадың,
Беліңе садақ бумадың,
Не болды саған, балларым?
Тумағыр, балам, тумадың,
Беліңе садақ бумадың,
Бес қатын кетіп сен қалдың,
Атаңның жолын қумадың!
Жауыңды жауға алдырдың,
Дауыңды дауға алдырдың

(Досмұхамедұлы, 1991: 131-132)

- деп ұрысады. Балиғатқа толған еркектің міндетті түрде жауға аттануы керек екендігі туралы түсінікті батырлар да жасынан бойына сіңіріп өседі, соған орай жасы жете бастағаннан-ақ дайындалып, ата-анасынан не бабасынан рұқсат сұрайды:

«Бір күні Әметке ой түседі. Ерлік атақ шығарғысы келеді. Бір күні ағасына келіп: «О, аға, өзің болсаң қартайдың, мен де жетісіп қалдым ғой, қонысымыз тар ғой, қоныс

кеңітпесек болмас. Басыма ерік берсең, қару-жарақ берсең, мен кетер едім», - депті (Батырлар жыры, 1989: 222), («Әмет батыр» эпосы)

«Жетпіске Жаңбыршының жасы толды, 15 жаста Телағыс болды. Телағыс әкесіне: «Әке, жасым жетті, мен жауға аттансам», - деді». «Жаңбыршыұлы Телағыс» эпосы (Батырлар жыры, 1989: 177)

— Жалғыз туған баламын,
Ағайын туған шамалы.
Рұқсат етсең, жан ата,
Атқа мініп мен шығып,
Шамалы жерді қыдырып,
Ындыс пенен қалмаққа
Шығып көзім салайын. «Нұрадын» эпосы
(Батырлар жыры, 1989: 96)

Нақты айтқанда, бұл жерде эпос өмір шындығынан ауытқымаған, кейінірек «әскери демократия» атанған дәуірдің тарихи дәстүрін дәл бейнелеген. Көшпелі ата-бабамыздың ержүрек, жауынгер халық болғаны анық, олай болмағанда көк түркілер Алтайдан Азау теңізіне дейінгі алып империялар құра алмасы белгілі. Үздіксіз жүріп жатқан соғыс-шапқыншылық, үргіншіліктер, соған байланысты қиыншылықтар көшпенділерде еркектердің белгілі бір психологиялық типтерін қалыптастырды. Туылғаннан-ақ бүкіл ғұмыры соғыста өтетінін білген ер адам өлімге аса мән бермеді, түрлі қиындықтарды, жаугершілік-сүргіншіліктерді қалыпты жағдай деп білді, өз ар-намысын бірінші орынға қойды, кез келген сәтте жауға қарсы шығуға дайын болды. Қазақтың атақты батыры, сөзіне дүйім жұрт ұйыған үлкен рубасы ақсақалдарының бірі, аса талантты ақыны Ақтамберді он жеті жасынан бастап жауға аттанады:

Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке.
Жауға қарай аттандым
Жеткіз деп құдай тілекке! ! (Мағауин, тб.,
1984: 67)

Өмір бойы халқының бақыты үшін күрескен ақын тоқсан үш жасқа келіп дүниеден өткен екен, қайтыс боларының алдында ол өзінің бақытты екенін, тілеген тілегінің бәрін құдайдың бергенін айта келіп, өмірдегі жалғыз арманы

соғыс майданында батырларша оқтан өлмегені екенін айтады, яғни шайқас кезінде өлуді өзіне үлкен мәртебе көреді:

Бар арманым, айтайын,
Батырларша жорықта
Өлмедім оқтан қайтейн!..
Ел аман болсын ылайым,
Тілегім берді бәрін де,
Разымын құдайым! (Мағауин,тб., 1984:

76)

«Еркек адам соғыс майданында, жекпе-жекте өлуі тиіс. Соғыс демократиясы кезеңінің ержүректілік философиясы осындай, кейін ол еуразия далаларының бұрынғы дәуірдегі көшпенді болған халықтарының эпосының соңғы кезеңдеріне де ауысты. Мұны өзіндік жалпы әскери кредо деуге болады.» деп жазады Р.С. Липец (1984:115).

Қорытынды

Эпоста батыр жауға аттанар сәтте, әдетте, ата-анасы не қарындасы батырдың жалғыздығын айтып, ол кетсе өздеріне қорған болар адамның жоғын айтып, кетпеуін өтінеді. Дегенмен, ешуақытта да батыр бұндай сөздерге іркіліп қалмайды, алған бетінен танбайды. Неге екені белгісіз, батыры жауға кеткен ел санының қанша болғанына қарамастан қауқарсыз елге айналады. Жалғыз батыр кеткенімен елде талай ер-азаматтың қалатыны белгілі, соған қарамастан оны не сырттан келген жау немесе іштегі құл-құтан бас көтеріп, еш кедергісіз басып алып, құлдыққа салады.

Қаһармандық эпос өзінің даму тарихында идеялық және көркемдік жағынын үнемі шыңдалып, жетілу үстінде болған. Бұл жырлар халықтың әр кезеңде жасаған ерліктерін суреттеу арқылы өсіп ұлғайған. Әрине, қаһармандық эпос бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігіне, тарихына, қоғамдық өміріне байланысты туып, солармен бірге жасасқан. Сондықтан да қаһармандық эпос өзінің қалыптасып даму үдерісінде талай қоғамдық және таптық тілектерге сәйкес көптеген өзгерістерге ұшыраған.

Әдебиеттер

- Батырлар жыры, 3- том (1987), Алматы: Жазушы.
- Батырлар жыры, 5- том (1987), Алматы: Жазушы.
- Батырлар жыры, 4- том (1989), Алматы: Жазушы.
- Батырлар жыры, 6- том (1989), Алматы: Жазушы.
- Досмұхамедұлы Х, (1991), *Аламан*, Алматы: Ана тілі.
- Қасқабасов, С. (1984), *Қазақтың халық прозасы*, Алматы: Ғылым.
- Липец, Р, (1984), *Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе*, Москва: Наука.
- Мағауин,М, Байділдаев, М (1984), *Бес ғасыр жырлайды,1-том*, Алматы: Жазушы.
- Радлов,В.В. (1994), *Ел қазынасы — ескі сөз.* (В.В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері), Алматы: Ғылым.
- Сартқожаұлы Қ, (2004), “Білге қағанның ескерткіші”, Жұлдыз журналы № 2.
- Ыбыраев Ш, (1993), *Эпос әлемі. Қазақ батырлық жырларының поэтикасы*, Алматы: Ғылым.